



Vydáno Publishing House «Education and Science»,  
Frýdlanská 15/1314, Praha 8  
Spolu s DSP SHID, Berdianskaja 61 B, Dnepropetrovsk

**Materiály X mezinárodní vědecko - praktická konference  
«Dny vědy – 2014».** - Díl 11. Právní vědy.: Praha. Publishing  
House «Education and Science» s.r.o - 96 stran

**Šéfredaktor:** Prof. JUDr. Zdeněk Černák

**Náměstek hlavního redaktor:** Mgr. Alena Pelicánová

**Zodpovědný za vydání:** Mgr. Jana Štefko

**Manažer:** Mgr. Helena Žáková

**Technický pracovník:** Bc. Kateřina Zahradníčková

X sběrné nádobě obsahují materiály mezinárodní vědecko - praktická  
konference «Dny vědy» (27 březen - 05 dubna 2014 roku)  
po sekcích Právní vědy.


Pro studentů, aspirantů a vědeckých pracovníků

Cena 270 Kč

ISBN 978-966-8736-05-6

© Kolektiv autorů, 2014

© Publishing house «Education and Science» s.r.o.



Лунина В. Основания приобретения права собственности .....	58
Мурзабеков Т. Доверенность как правовой инструмент .....	62
Смагулова С.Н. Понятие и сущность брачного договора по законодательству Республики Казахстан .....	67
Письменна О.П., Гуцалюк О.І. Суть та значення договору оренди земельної ділянки .....	71
Ерджанов Т.К. Актуальные вопросы казахстанского законодательства о неприкосновенности частной жизни .....	74
Пономаренко Д.А., Ерджанов Т.К. Правовые аспекты низкой конкурентоспособности казахстанских СМИ .....	78
Зулгаріна М.В. Щодо питання про повідомлення боржника про зміну кредитора при укладанні договору факторингу .....	81
Избасарова А.Б. Медиация институтының құқықтық реттеуі .....	84
Мұқалдиева Г.Б., Сайлаухан Д.М. Факторингтік қатынастардың казахстанда дамуы мен жетілдіру мәселелері .....	88
Ахметова И.А., Усенбаева И.М., Ғалы Ж.О., Мусраунова А.С. Бала құқығын қорғау – басты міндет .....	91

## PRÁVNÍ VĚDY

## BOJ S HOSPODÁŘSKOU KRIMINALITOU

Магистрант Абитаев Е.Е.

«Тұран-Астана» университеті, Қазақстан

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛЫСТАРҒА  
ЖАУАПТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бүгінгі таңда елімізде экономикалық қылмыстар өршіп бара жатқаны баршамызға мәлім. Еліміз экономикалық қылмыстардың алдын алу саясатын дамыту үшін, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын, кәсіпкерлерге байланысты оңтайлы саясаттың тетігін әлі күнге дейін саралау жолында. Кейбір қазақстандық ғалымдардың, саясаттанушылардың пікірінше экономика саласындағы заңдылық принципін кәсіпкерлерге идеология ретінде қалыптастыру үшін ең басты заң керек, яғни құқықтық реформа жасау керек. Өздеріңіз білесіздер, ҚР ҚК-не өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп жатыр. Оның ішінде ең басты назар салынып қайта зерттелініп жатқан нормалар, олар, жалған кәсіпкерлікке, банк саласындағы қылмыстарға байланысты болып отыр, және сол қылмысты жасаған тұлғаға берілетін жауапкершілік нормаларын өзгерту де күн тәртібінің бірінші мәселесі. ҚР ҚК-дегі жауапкершілік мәселесін қозғауды және оны өзгертуді ҚР Парламенті Сенатының біршама депутаттары да көтерген болатын. Сенат депутаттары «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды одан әрі қылмыстық сипаттан арылту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы ҚР Заң жобасын қабылдады. Заң жобасы үлкен қоғамдық қауіп төндірмейтін бірқатар экономикалық қылмыстарды қылмыстық сипаттан арылтуға бағытталған. Мысалы, заң жобасының ережелерімен төмендегі мәселелер көзделген:

- қылмыстық жауаптылыққа тарту негіздерін тарылту жолымен ішінара қылмыстық сипаттан арылту;

- депенализация, яғни қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын жеңілдету, оның ішінде: бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны алып тастау; бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны бас бостандығын шектеумен ауыстыру; бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның жоғарғы шегін төмендету; бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен байланысты емес баламалы жаза түрлерін бекіту арқылы санкцияларды оңтайландыру жолын ұсыну;

- қылмыстық кодекстің экономикалық қылмыстар туралы нормаларын жетілдіру; - әкімшілік перидицияны қолдану саласын кеңейту [1].

ҚР ҚК-нің 190-бабы заңсыз кәсіпкерлікке тағайындалатын жазаның мөлшері ҚК бойынша 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, немесе қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға жазаланады. Бұл жаза жеке тұлғаға, егер бірінші рет осындай әрекетке барып отырса қолданылады. Ал егерде:

- ұйымдасқан топ жасаса;
- аса ірі мөлшердегі табыс табумен ұштастырып жасаса;
- бірнеше рет жасаса, *жеті жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталғанадамның жеті айдан бір жылға дейінгі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкін тәркілеп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады* деп көрсетілген [2].

Бұл жазаны жеңілдетуді ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев та өзінің халыққа жолдауында, өзінің үкіметке берген тапсырмасында айтып жүргені рас. Шынында экономиканың дамуы, бизнестің шарықтауы, ол азаматтардың қолында, сондықтан біз бұл мәселеге шынайы қарауымыз қажет. ҚК-тің 190-бабындағы жаза түрін жеңілдету, ол біріншіден бас бостандығынан айырудың орнына, бас бостандығынан шектеу және жазаның альтернативалық нормасын қолдану, қоғамдық жұмыстарға тарту тиімдірек болады. Мұндай ұсынысты үстіміздегі жылы Әділет министрі Б.Имашев мырза ҚР Парламенті мәжілісінде айтқан болатын. Ал кейбір интернет порталдарында осы мәселеге байланысты, отандық ғалымдардың, саясаттанушылардың тіптен қарапайым халықтың арасында да ауқымды пікірталастар болып жатыр [3].

*Әділет Партиясының төрағасы М.Нәрікбаев мырзаның да осыған байланысты пікірі бар: «Заңды тұлғаларға қылмыстық жауапкершілік институтын енгізудің дұрыстығы туралы пікірталасқа түспей тұрып, осы бағыттағы проблемаға тереңірек үңілсек. Мәселен, заңды тұлғаның қылмыстық жауапкершілігі АҚШ-та 1977 жылы Пара алуға қарсылық актісімен бекітіліп, кейін бұл норма осы аттас БҰҰ конвенциясында көрініс тапты. Әрине, бұл жерде заңды тұлғаны түрмеге жаба алмаймыз, әңгіме – басқада. Әдетте фирмалар, трансұлттық компаниялар қандай да бір клеркті немесе тіпті директорын түрмеге жауып, сонымен құтылып кететіні белгілі. Солай болса, фирманың келтірген миллиардтаған шығыны өтелмей жатады. Сондықтан бұл жерде заңды тұлғаның қылмыстық жауапкершілігі туралы әңгіме негізінен оларға қатысты жасалатын санкциялар, айыппұлдар турасында болып отыр. Сол себепті заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігі туралы институтты енгізе отырып, фирмалардың, корпорациялардың міндеттемелерін жеткілікті деңгейде қамтыған орынды. Ал оны заң аясында фирмалардың жарғылық қоры мөлшерін арттыру жолымен жүзеге асыруға болады. Бұл, ең алдымен, жапа шегушіге келтірілген шығынның ішінара өтелуіне де септігін тигізеді. Осыған орай жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үшін ең төменгі жарғылық қорларының мөлшерін арттырған ләзім. Бұл әділ шешім болмақ. Өйткені заңды тұлғаларға ең алдымен мүліктік мәселелеріне байланысты жазалау шаралары қарастырылады.*

## OBSAH

## PRÁVNÍ VĚDY

## BOJ S HOSPODÁŘSKOU KRIMINALITOU

<b>Абитаев Е.Е.</b> Экономикалық қылмыстарға жауаптылық мәселелері .....	3
<b>Абитаев Е.Е.</b> Экономикалық қылмыстардың алдын алудағы қылмыстық саясат .....	7

## AAGRÁRNÍ A AGRÁRNÍ PRÁVO

<b>Голубничий А.А.</b> К вопросу о некоторых особенностях нормирования качества атмосферного воздуха в Российской Федерации .....	10
<b>Крюкова О., Романко С.М.</b> Використання природних ресурсів на умовах оренди .....	12
<b>Іванюк А.Т., Романко С.М.</b> Концепція сталого розвитку і екологічна політика України .....	16

## ÚSTAVNÍ PRÁVO

<b>Осиночкина Е.В.</b> Защита прав человека на жизнь в трансплантологии-правовой аспект .....	21
<b>Жарболова А.Ж.</b> Әлеуметтік және экономикалық негіздердің заң шығармашылығына әсері .....	26
<b>Мамычев А.Ю., Глинская Г.С.</b> Духовно-нравственные и ценностно-этические основания публично-правовой деятельности власти и должностных лиц .....	31
<b>Альбакасова А.</b> Основные направления административной реформы и совершенствование государственной службы .....	35
<b>Сулейменов М.А.</b> Национальное право Республики Казахстан: состояние, проблемы и перспективы .....	39
<b>Калимбекова А.Р.</b> К вопросу осуществления права на жизнь: некоторые теоретические правовые и моральные аспекты .....	41

## CIVILNÍ PRÁVO

<b>Иноятова С.Ф.</b> Некоторые аспекты классификации процессуальных актов по гражданским делам (Узбекистан) .....	45
<b>Молдаханова Б., Нысанбекова Л.Б.</b> Жилищные права детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей .....	49
<b>Мейірбекова Г.Б.</b> Сот жарыссөзіндегі адвокаттың қорғау сөзінің мақсаты мен міндеттері .....	52

берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді [1].

Егемендігін жариялаған сәттен бастап Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның және көптеген басқа да халықаралық ұйымдардың мүшесі болды, бұл оған халықаралық қоғамдастықтың толық құқықты мүшесі болуына мүмкіндік берді. Республикада халықтың үштен екісін 18 жасқа дейінгі балалар мен бала туу жасындағы әйелдер құрайды. Ұлт денсаулығы проблемасының маңыздылығы мен өзектілігін түсіне отырып, ана мен бала денсаулығын қорғау біздің мемлекетіміздің, денсаулық сақтау органдарының, қауымдастықтың басты назарында тұруы тиіс [2].

Күнделікті өмірде қазір болатын, осы сәтте болып жатқан жағдаяттар шеңберінде өмір сүру денсаулықтың бір кепілі болып табылады. Осыған байланысты Я.Корчак «егер балаға бүгінгі күні қажеттіліктерін, қызығушылықтарын қанағаттандыра алмасақ, ол бала ертеңгі күні қалай өмір сүре алады. Оған қазіргі минуттағы ойыны, қарым-қатынасы, тірі табиғатпен байланысы, сурет салуы, ойыншықтарын шашып ойнауы қымбаттырақ. Осы үлкен сезім үстіндегі сезінетін эмоциясы оған мәнді. Сондықтан тәрбие кезінде «сен ертең сондай боласың дегеннен гөрі» қазіргі сәтін қадірлеңіз. Теріс қылықтарын қазір түзетіңіз, қуанышын қазір бөлісіңіз» деген. Я.Корчактың бұл сөзі баланың психикалық денсаулығы мәселесімен өте тығыз байланысты. Өйткені қазіргі әлеумет ортасында бала бар шын көңіл күйімен өзін дамытушы әрекетпен айналысып жатса, оған ересектер өздерінің ақ көңіл ниетімен әріптес болып, ақиқат дүниенің бір сырын ашуға көмегін тигізіп, екеу ара үйлесімді қарым-қатынаста болса, бұл психикалық денсаулықтың кепілі [3].

Кейінгі кезде өзекті бір мәселеге айналған салауатты өмір салты психикалық денсаулықтың бірден бір жолы болып саналады. Салауатты өмір салты адамның рухани қажеттілігі. Сондықтан да 2001 жылғы «Бөбек» Қорының президенті С.А.Назарбаева жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру мақсатында білім бері саласына «Өзін-өзі тану» пәнін енгізді. Бұл пән бүгінгі күні өзінің өміршеңдігін, қажеттілігін, Қазақстан мемлекетінің гүденуіне ықпал ететін бағдарлама екендігін дәлелдеді [4].

Балаларды қорғау – ең алдымен, балалар өмірін, оның құқықтарын, пікірі мен дін бостандығын қорғау. Оны күш көрсетуден, зорлық-зомбылық жасаудан және психологиялық жәбірлеуден қорғау. Балалар еңбегін қанаудан қорғау. Баланың білім алуына, демалуына, бос уақытын тиімді пайдалануына құқығы бар. Адамгершілігі мол ұрпақ өсіріп, әділетті де өркениетті қоғам қалыптастырғымыз келсе, біз – үлкендер осы мәселелерді ескеруіміз тиіс.

#### Әдебиеттер:

1. Баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II ҚР Заңы.
2. Қазақстан Республикасында ана мен бала денсаулығын қорғаудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы.
3. Как любить ребенка. кн.о воспитании: Сб.:Перевод с польск. / Корчак, Я. - М. : Политиздат, 1990. - 493 с.
4. <http://www.enu.kz>

Сонымен қатар заңды тұлғаларға қылмыстық жауапкершілік қарастырылған шетелдерде осындай істердің басым бөлігінде айыппұл төлеу, мүлкін тәркілеу түріндегі жазалар тағайындалады. Ал оларды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату жүзеге асады. Экономикалық қылмыстардың ішіндегі қылмыстар, табиғаты жағынан бір болғанымен олардың арасында тұтынушыларды немесе кәсіпорын басшыларына байланысты нормалар, жауаптылық немесе құқықтық иммунитеттің арасындағы айырмашылықтар айқындалу қажет. Оларды айқындау үшін қылмыстың объектісі, субъектісі, диспозициясы айқындалу керек. Жауаптылық мәселесін қозғауда бұл мәселе ҚК те айқын көрініс табу керек деп есептеймін. Мысалы, кейбір қылмыстардың аяқталған құрамын белгілеу үшін қоғамға зардаптың болуы талап етіледі. Өзге жағдайларда қылмыстың аяқталған құрамының болуы үшін қоғамға қауіпті зардаптардың болуы талап етілмейді, нақты қылмыстық объективтік жағын құрайтын әрекет немесе әрекетсіздік фактісінің өзі жеткілікті. Экономика саласындағы қылмыс үшін жауаптылықты белгілейтін бірқатар нормалардың диспозициялары нақты бір қылмыс белгілері жоқ, басқа нормативтік актілерге сілтеме жасайтын бланкетті б.т. ҚР Конституциясы экономикалық қызметтің оның ішінде кәсіпкерлік қызметтің еркіндігіне кепіл береді. ҚР Азаматтық кодексінде жария етілген және бекітілген еркін экономикалық қызметпен бірге, заң шығарушы экономикалық қатынас қатысушылары құрамын анықтайды. Олардың бәрі осы қылмыс нәтижесінде пайда болған зардаптарға байланысты дербес шешім қабылдап және тиісті жауаптылыққа ие болуы тиіс [4]. Осы тарауда қарастырылып отырған барлық қылмыстардың субъективтік жақтары кінәнің қасақаналық түрімен (тікелей және жанама ниет) көрінеді. Экономика саласындағы қылмыстарды жасау кезінде себеппен мақсат әртүрлі болуы мүмкін, алайда олар жасаған әрекеттері үшін соттың жаза тағайындауы кезінде ескерілуі тиіс [5]. ҚР Жоғарғы сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы нормативті қаулысына сәйкес кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрімен айналысуға тыйым салуды белгілейтін тиісті ҚР ҚК бабымен, ал ол болмаған жағдайда арнаулы норма ҚР ҚК 190 бабымен қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

ҚР ҚК 190 бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін көрсетілген диспозициядағы әрекет азаматтарға, ұйымдарға немесе мемлекетке не ірі мөлшерде табыс табумен жинасқан немесе елеулі мөлшерле акцизделетін тауарларды өндіргені, сақтағаны және өткізгені анықтаулы қажет.

ҚР Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі құқықтық концепция саясатында ең басты бағыттардың бірі қоғамдағы тұрақтылықты сақтау үшін, тұлғалардың қызығушылығын қорғау мақсатында заңдарды әрдайым жетілдіріп отыруымыз қажет деген [6].

С.Рахметовтың айтуы бойынша ҚР ҚК 222 бабындағы салық төлеуден жалтаруға байланысты норманы күшейту керек деген ұсыныс келтірген. Оның пайымдауынша Қазақстанда тіркелген заңды кәсіпкерлердің саны күндеп артып келеді. Ал бірақ олардың арасында салықтан жалтарып жүргені қаншама. Мысалы, Салық заңнамасында көрсетілген төлеуге тиіс сомманы төлегенше

күтіп отыра беруге болмайды. Сондықтан, мысалы, 2000 а.е.к-ке дейін жеткізбей, 1000 а.е.к-ке дейін төлемесе тұлға тиісті салық төлеуден жалтарды деген қылмыстық іс қозғайтындай норма жасау керек. Бірақ мұндай норма енгізу үшін, елімізде кәсіпкерлік дұрыс жолға қойылу керек. ҚР да экономикалық аймақ тұрақты болғанымен тауарлар сырттан келуін тоқтатар емес. Ал бұл ішкі кәсіпкерлерге өз өнімімізді өткізуге үлкен кедергісін тигізеді. Есесінде пайда болмаса салықты да төлеуге шамасы жетпейді, сондықтан меніңше бұл қылмысқа жазаны жеңілдетіп, ҚК тегі айыппұл мөлшерін төмендету қажет деп есептеймін.

ҚР ҚК-нің 218 бабындағы экономика саласындағы кеңінен таралған қылмыс ретінде бухгалтерлік есептің ережесін бұзу б.т. Бұл қылмысқа жауаптылық бір ғана бөлімнен тұрады. Жауаптылық тек қана қасақаналықпен жасалған жағдайда ғана туады. Оның өзінде бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады. Бұл қылмысқа мұндай жаза түрі өте жеңіл. Сондықтан жазаның ұзақтығын 5 жылға дейін ұзарту жөн екен. Көп жағдайда бухгалтерлік есеп саласында қылмыстың қасақаналығын анықтау оңай емес. Ал бухгалтерлік есептің ережесін бұзу қоғамға, экономикаға кедерін тигізетін бірден бір амал. Сондықтан ҚР ҚК 218 баптың 2 тармағына абайсызда бухгалтерлік есептің ережесін бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылықты енгізу керек. Бұл өз деңгейінде жымқырумен күрестің ең ыңғайлы әдісі болар еді.

Жалған кәсіпкерлікке қайта оралсақ, ҚР ҚК 192 бабы әлі күнге дейін толық жетілдірілмеген. Бұл кодексте жалған кәсіпкерлік ұғымы өте тар мағынада келтірілген. Себебі жалған кәсіпкер шынайы кәсіпкер бола тұрып, сол шынайылықты пайдаланып, басқа да қылмыстарға баруы мүмкін. Жалған кәсіпкер ол заңды тұлға, жеке кәсіпкер болуы мүмкін, сондықтан осы сөздерді қосқан дұрыс деп есептеймін. Қазіргі таңда жалған кәсіпкерлік бабымен ұсталып жатқандар көп. Бірақ біз оларды бір элементтің жетіспеушілігіне байланысты қылмыскер қылып шығарамыз. Біз ең алдымен ҚК-тің бабында бүкіл мән жайды нақты көрсетуіміз керек. Сонымен қатар егерде адамға немесе қоғамға зияны аз болса жауаптылық көлемін минималды қылып қарастыруымыз керек.

Әдебиеттер:

1. www.bnews.kz интернет порталы
2. ҚР ҚК, 2013.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауы.
4. Қаржы полициясы академиясының ғылыми еңбектері
5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржылық-экономикалық қылмыстарды одан әрі қылмыстық сипаттан арылту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2013.

Ахметова И.А., Усенбаева И.М., Ғалы Ж.О., Мусраунова А.С.  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

## БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Қазақстан Республикасының болашағы – қазіргі жас ұрпақ, дәлірек айтсақ - балалар болып табылады. Ол балалардың құқықтары, денсаулығын, бостандығын қорғау керек. Яғни, олардың өмірін, денсаулығын, тыныштығын қорғап отырған заң болуы шарт. Бұл заңдар бала құқығын қорғаудың негізгі механизмдерін құрайды. Атап айтсақ, ең алғаш 1948 жылы 10-желтоқсанда қабылданған «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы» болды, одан кейін 1959 жылы қабылданған «Бала құқығы Декларациясы», міне осы декларациядан кейін 61 ел қол қойған 1989 жылы 20 қарашада «Балалар құқығы туралы Конвенция» қабылданды. Қазірде бұған 191 мемлекет кірген. Конвенция деген - арнаулы мәселелер жөніндегі келісім шарт. Осы Конвенция негізінде 2002 жылы тамызда Қазақстанда «Балалар құқығы туралы» заң қабылданды. Бұл заң 9 - тарау, 53 - бап - тан тұрады.

Құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін баланың құқығы заңмен бекітіледі. Құқық қорғауды ата - аналар, бағып - қағу және қамқорлыққа алу органдары, сот, прокурор жүзеге асырады. Заң баланы озбырлықтың түрлерінен оның абройын төмендетуден, ата - аналар тарапынан болатын қиянаттан қорғайды. Қазақстан Республикасында балалардың мүддесі қорғала отырып, ондай ата - аналарды ата - аналық құқықтан және баланы бағып - қағуға беруден айыруға байланысты шараларды қолдану заңдық тұрғыда қарастырылған. Бала мүліктік құқыққа да ие. Ол көбінесе өз ата - аналарының және отбасының өзге де мүшелерінің күтіп бағуы құқықтарына байланысты болмақ. Алименттер, зейнетақы мен жәрдемақылар ата - ананың атына келіп түседі, алайда, ол қаржы баланы күтіп - бағуға, білім беруге және тәрбиелеуге жұмсалады. Балаларға қамқорлық жасай отырып, мемлекет бала туған кезде жәрдемақы төлейді. Көп балалы отбасыларын түрлі жағынан қорғауға алынған.

ҚР балалар құқығын қорғау заңының 4-бабында: «балалардың тең құқықтылығы -тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие» делінген.

Яғни бұл Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік

Әлемдік тәжірибеде көрсетіп отырғандай нарықта өз орнын тапқысы келетін жас фирмалар үшін факторингті қолдануы өте тиімді, осы құралдарды өз қызметінің барысында атакты әлемде танымал фирмалар қолдануда. Олардың қатарында: ASER (компьютерлік техникалар, Тайвань), PARLAMAT LEWIS (тамақ өнімдері Италия), GLOBAL TOYS (балалар тауары, АҚШ).

Факторинг алғашында Англияда 17-ғасырда құрылған «факторлар үйі» – де белсенді дами бастады, бұл сол кездегі текстильді индустрияның дамуымен байланысты болды. Сол кездері өндіріс орындары мен өнімді өткізу орындары бір-бірінен алшақта орналасқандықтан факторлар өндіруші кәсіпорындар мен сатып алушы тұтынушылар арасында делдал болған. Тауарлы нарықты жақсы білетін, сатып алушының төлемдік қабілетінен хабардар және сол елдің заңдары мен салт-дәстүрлерін жақсы меңгерген факторлар алдында сенімді сатып алушы табу, тауарды сақтау мен оны өткізу, одан әрі қарай сатылған тауарлар үшін төлемді инкассалау мәселелері қойылды.

19-ғасырдың аяғында АҚШ-та көптеген факторингтік компаниялар пайда болды. Олар неміс және ағылшын тоқыма өнімдерін өндірушілердің «делькределе» агенттері деп аталған, сонымен қатар штаттардың арасындағы заңдардың әр-түрлі болуынан және елді мекендер ара қашықтары алшақтығынан олар ішкі өндірушілерге де қызмет көрсете бастаған. Делькредере барлық тауардың төлемділігіне кепілдік берген. Төлемсіздік тәуекелділігін компенсациялау мақсатында олар қосымша комиссия алған. Ал факторингтік компаниялардың өсуімен жоғарыдағы аталған қызметтерге өнімді жабықтаушыны қаржыландыру қызметіде қосылды.

Көрініп тұрғандай ақ, факторингтің қызмет ету механизмі аспектілері жан-жақты барлық жағдайда да факторинг кәсіпорынның қаржылық ағымдарын ретке келтіріп, айналым қаржысы тапшылығын шешеді, сонымен қатар факторинг кәсіпорынның стратегиялық әрі бухгалтерлік есебін жетілдіруге ықпал етеді. Ал бұл қазіргі экономикалық жағдайда көпшілік отандық кәсіпорындардың күрделі мәселелері болып отыр. Бұл аталған мәселелерді шешуде қазірше отандық нарықта тек қана несие қолданылып отыр. Ал көпшілік шағын және орта кәсіпорындарда тәжірибе көрсетіп отырғандай жеке меншіктерінде мүліктері жоқ, көбінде олар мүлікті жалға алу арқылы қызмет етеді. Факторингтік қаржы алуда кәсіпкерлер үшін басты артықшылықтары мұндаймүліктік кепілдеменің қажет болмауы, онда кепілдік ретінде кәсіпорынның дебиторлық қарызы бола алады. Бұл жағдайда факторингтің атқаратын қызметі өте жоғары болып табылады. [3,458б]

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Носкова И.Я. Валютные и финансовые операции.-М.:Финансы, ЮНИТИ, 1998.-244с.
2. Банковское дело. Справочное пособие. Под.ред.к.э.н. Бабичевой Ю.А. М.: Экономика, 1993.-597с.
3. Б.А. Көшенова Ақша.Несие.Банктер.Валюта қатынастары.-Алматы, 2000.- 328 б.

Магистрант Абиғаев Е.Е.

«Тұран-Астана» университеті, Қазақстан

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдары экономика саласындағы қылмыстар өте көп болды. Бұл жағдай 1990 жылдан бастап 2000 жылға дейін өршіп тұрды. Қазақстанның экономикасы осы қылмыстың өршуіне байланысты біраз уақыт жетіспеушілікке ұшырады. Әрине, мұндай жағдайдың орын алуына өзінің себебі бар. Мысалы, тәуелсіздік алған жылға дейін, ел елдерде, жер жерлерде, жаппай көтерілістер болды, мемлекеттер тәуелсіздігін жариялап жатты (оның ішінде ТМД мемлекеттері) тауарлар жетіспей, базарлар жабылып, адамдар үйіндегі жалғыз дүниесін сатып жіберуге дейін барған. Өйткені ақша жоқ болды, экономикалық тұрақсыздық болды, осының барлығы экономикалық қылмыстардың бастамасы болып қалыптасты. Экономикалық қылмыс, көлеңкелі экономика деген қылмыс түрлеріне, ол кезде толық түрде ешқандай ғалым түсінік бере алмаған.

Қазіргі таңда РФ-ның және Қазақстан заңгерлері бұл мәселенің түп тамырын нақты зерттеп экономикалық қылмыстардың шығу тегін және пайда болу тетіктерін біліп, қылмыстық кодекске арнайы нормаларды енгізе бастады. ҚР қылмыстық кодексін 1997 жылы қабылдаған кезде осы экономикалық қылмыстардың бүкіл түрлерін енгізе алмады. Әрине ол кездегі экономикалық қылмыстардың жасалу жолы басқаша болса керек. Экономикалық қылмыспен күресудегі ең басты саясат ол ҚК-тің нормаларының дұрыс жолға қойылып, заң жүзінде іске асуы б.т. ҚК негізінен экономикалық қылмыспен күресетін бірден-бір заңды күш десек қателеспейміз. Өйткені экономикалық қылмысты жасау өмірдің түрлі-түрлі саласында жолығады. Бұл қылмыс экономика дамыған сайын бірге дамиды. Әрине мұндай жағдай өкінішті, мұндайды басқа мемлекеттердің тәжірибесінен байқауға болады. Ал біз тек заң жүзінде әділ норма жасап, сол норманы жазылғандай орындап отырумыз қажет, сол кезде баланс сақталады деп ойлаймын. Өздеріңіз білесіздер, мемлекеттен ұрланған әр тиын, мемлекеттің экономикасын құлдыратуға дейін апарады. Сондай-ақ қазіргі кезде мемлекеттің барлық саласында, сонымен қатар мемлекеттік қызметте экономикалық қылмыстың алдын алу мақсатында бірнеше нормалар қабылданып жатыр. Бұлда мемлекеттің қылмысқа қарсы саясаты.

ҚР Президенті, елбасы, ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевта өзінің жыл сайынғы халыққа жолдауында бұл мәселені қозғамай өтпейтінін баршамыз білеміз. Сонымен қатар, мемлекет басшысы жыл сайын ҚР Үкіметіне, Парламентіне экономикалық қылмыспен күресетін Қаржы полициясы Агенттігіне, экономикалық қылмыспен күресу үшін тапсырмалар беріп

отырады. Ел президенті Қазақстан 2050 стратегиясында да бұл мәселеге көңіл бөлген болатын.

ҚР Экономикалық және жемқорлық қылмыстарға қарсы күрес Агенттігінің қылмыстармен күресудегі орны ерекше б.т. ҚР ЭҚСЖКА (қаржы полициясы) органдары жедел іздестіру қызметін, алдын ала тергеу және анықтау, әкімшілік іс жүргізу арқылы экономика мен қаржы қызметі саласында адам мен азаматтың құқықтарына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қылмыстық және құқыққа қайшы өзге де қол сұғушылықтың алдын алуға, оны анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге бағытталған құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын органдарының міндеттері: өкілеттілігі шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету; салықтарды төлеуден жалтаруға байланысты қылмыстардың, экономика мен қаржы саласындағы өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу; экономика саласындағы сыбайлас жемқорлық пен қылмысқа қарсы күрес ісіне мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу; қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылатын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру. Қаржы полициясы органдары қызметінің құқықтық негізін ҚР Конституциясы, «ҚР Қаржы полициясы органдары туралы» ҚР заңы және өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды. Қаржы полициясы органдарының қызметі заңдылық, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қадір қасиетін құрметтеу және сақтау, қаржы полициясы жүйесінің бірлігі, жұмыстың жария және жасырын нысандарын ұштастыру, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс қимыл жасау принциптері негізінде жүзеге асырылады. Қаржы полициясының төменгі бөлімшелері жоғары тұрғандарына бағынатын біріңғай орталықтандырылған жүйесі бар. Қаржы полициясының бірыңғай жүйесіне орталық атқарушы органы (уәкілетті орган) және аумақтық, мамандандырылған органдарын қамтитын, сондай-ақ қаржы полициясының оқу органдары жатқызылады [1].

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің миссиясы қоғамдық қатынастардағы сыбайлас жемқорлық және ел экономикасындағы қылмыстылық деңгейін төмендету болып табылады. Агенттіктің пайымы – мемлекеттік аппараттың жүйелі сыбайлас жемқорлықтан арылуы, азаматтардың, кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің құқықтары мен мүдделерінің экономикалық құқық бұзушылықтардан сенімді қорғалуы. Стратегиялық бағыт. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру және мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Бұл бағыт кездейсоқ таңдалмаған және ол – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бірі болып табылатын еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарынан, оның «көлеңкелі» экономика саласындағы қылмыстарды

басқару мәселелерін шешу керек және тағы басқа. Қазақстанның қазіргі экономикасының жағдайында осындай инновациялық басқару құралдарының қатарына факторингті жатқызуға болады.

Бәсекелестік күрестің шарықтауы, тұрақсыз экономикалық орта, бизнес табысының төмендеуі, қаржы нарығының құбылмалылығы кәсіпорындарды тәжірибеге қазіргі заманның ең тиімді жаңа құралдарын енгізуін талап етеді, бұл құралдар, кәсіпорынға тек қана қысқа мерзімде ғана емес, сонымен қатар ұзақ мерзімде өтімділігін, қаржылық тұрақтылығы, жоғары пайдалығы, нарықтығы қызметін кеңейтуіне мүмкіндік туғызып отырады.

Факторинг бүгінгі күні бүкіл әлемде кәсіпорындарының қаржы жағдайын жетілдіруін, ақша-есеп айырушылардың жағдайын жақсартудың тиімді құралы ретінде танылып отыр. Сонымен қатар, факторинг әлемдік қаржы нарығында ең табыстылығы жоғары құралы ретінде танылып отыр. Ол қазіргі күні дамыған және дамушы алдыңғы қатарлы елдердің экономикасында жоғарғы қарқынмен дамуда. «Факторинг» термині кәсіпорынның ағымдағы шаруашылық қызметін қаржыландыру қажеттілігінен туындай тұтынушылардың қарыздық міндеттемелерін сатып алу қаржы операцияларын білдіреді.

Факторинг серіктестер арасындағы есеп айырысуларды айтарлықтай жеңілдетеді. Тауар сатушы тиіп жіберілген тауарлары үшін ақысын дереу тауарды жібере салып ала алады, ал сатып алушы сатушылармен төлемақының кейінге қалдырудың уақытын өзара келісе алу мүмкіндігіне ие болады. Сатушы қарыздың өтелуіне қадағалауға байланысты әкімшілік шығындары болмайды. Ол сонымен қатар белсенді түрде өз өндірісін әрі қарай жетілдіруіне, жаңа технологияларды жетілдіруіне мүмкіндік алады. [1, 244 б]

Факторинг қызметі коммерциялық ұйымдарға немесе кәсіпкерлерге көрсетіледі, олар тұтыну тауарларын жабдықтаумен айналысады, яғни; азық-түлік және дәрілер, гигиеналық тауарлар, парфюмерия және косметика, автобөлшектер, бензин, канцтауарлар, тұрмыстық техника және құрылыс құралдары тағы басқа, сонымен бірге кейбір бірқатар қызмет саласында туризм, жарнама, тағы басқа қолданылады. Бұл қызмет салаларында факторингтік қызмет көрсетілетін тұтынушылар тұрақты болуы тиіс, ал оларды тауармен жабдықтау үздіксіз болуы тиіс. [1, 320 б]

Ең алдымен қазіргі факторингтік операциялардың есебі біздің елімізде 26 желтоқсан 1995 жылғы № 2732 «Бухгалтерлік есеп туралы» Заңына, бухгалтерлік есеп стандарттарына, субъектілердің қаржы шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебінің бас жоспарына сәйкес жүргізілетіндігін атап өтеміз. Бұлардан басқа да Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің аудит және бухгалтерлік есеп методологиясы Департаментінің 7 ақпан 2001 жылғы №23-2-6/1570 хатында атап өтуіміз маңызды. Мұнда векселдік айналымның бухгалтерлік есебін жүргізудің тәртібі анықталған.

Факторинг әлемдік тәжірибеде ұзақ уақыттан бері әрі кең түрде қолданылуда. Факторингті біздің дәуірімізге дейінгі 4000 жыл бұрын Рим империясы Хамурапи патшасы дәуірінде саудагерлер өз қызметінде қолданған. Соңғылығында сауда банкілерінің операциясы болып қалыптасқаны бізге мәлім. [2,588 б]

жатқан құндылық. Сондықтан да, жаңа институттың қазақстандық сот жүйесін одан сайын жетілдіре түсетініне сенім мол.

Ал халықаралық тәжірибелерге сүйенсек, Малайзияда мәмілегерлік арқылы сотқа жетпей бітім жасалатын істер саны 90 пайызды құрайды екен. Тек 10 пайыз іс қана сот төрелігіне жығылады. Ал Англияның сот жүйесінде медиация арқылы 50 пайыз іс шешімін тауып жатыр. Осынау әділ жүйенің отаны саналатын Қазақстанда әзірше бәрі керісінше, 90 пайыз іс бір ғана сот үкімін күтеді. Бітімгершіліктің үлесі – 10-ақ пайыз

Қолданылған әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы (2014.16.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

2. Материалы круглого стола «Судебная медиация – необходимое условие для развития института медиации в Казахстане», Алматы, февраль 2013.// [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: <http://newsroom.kz/vpervyye-v-kazaxstane-nachat-proekt-sudebnaya-mediaciya/> February.

3. Greger R. Güterrichter – ein Erfolgsmodell // ZRP. 2012. № 3.

4. Айртсен И. Деятельность в области восстановительного правосудия в Европе // Восстановительный подход в работе с несовершеннолетними правонарушителями (зарубежный опыт). Полиграф сервис, Москва. 2013. С. 51-67.

5. Аллахвердова О.В. Переговоры сторон с участием посредника. Школа посредничества (медиации) // Третьейский суд. С.-Пб., 2012, № 2. С. 175-184.

**Мұқалдиева Г.Б.**

*Әл – Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының доценті з.ғ.к., доцент*

**Сайлаухан Динара Манарбекқызы**

*Әл – Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының 2 курс магистранты*

## **ФАКТОРИНГТІК ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУЫ МЕН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі заман талабына сай кәсіпкерлікке айтарлықтай жетістіктерге жету үшін, оны тиімді басқаруды үнемі жетілдіріп отыру керек. Нарықта жетістікке жетудің тиімді жолы ол менеджменттің жаңа қолдарын іске қосып отыру қажет, бұның өзі келесідей талаптарға жауап беруі қажет: жоғары тиімді болу, іс-тәжірибесіне оңай енгізілуі керек, ағымдағы және болашақтағы ең маңызды

ашуынан және сақтандырудан туындайды [2]. ҚР-сы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, экономикалық қылмыстың алдын алу үшін эне оның пайда болу жолын кесу мақсатында іс-шаралар жүргізілетінін баршамыз білеміз. Мысалы, құқық қорғау органдарынан шығатын арнайы сенім телефондар, жарнамалар, видеороликтер т.б. Қылмыстық ескертудің 3 мақсаты болады: Әлеуметтік; Криминологиялық; Жеке криминологиялық алдын алу [3].

ҚР Конституциясының 26 бабына сәйкес, әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығы бар. Сол сияқты монополистік қызмет заңмен реттеледі, және шектеледі. Жосықсыз бәсеке тыйым салынады. Осы аталған Конституциялық ережелер, ҚР дағы экономиканы құқықтық реттеудің нормативтік негізі б.т. Нарықтық экономикаға көшуге себеп болған экономикадағы ең маңызды өзгерістер, мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғауға бағытталған қылмыстық құқықтық нормаларды реформалауға негіз туғызды [4].

ҚР да экономикалық қылмыспен күресу үшін аз еңбек етіліп жатқан жоқ, бірақ экономикалық қылмыстың саны керек деңгейге дейін түсер емес. Мысалы, 2013 жылдың қорытындысы бойыншы соңғы 8 айда сыбайлас жемқорлық және экономикалық қылмыстардың саны 13%-ға артты. Салдарынан мемлекетке 107 млрд. теңгеден астам шығын келтірілген. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінің брифингінде белгілі болды. Мамандар жалған кәсіпкерлікпен айналысу дерегі де биыл көптеп тіркелгендігін айтты. Мәселен, заңды белшесінен басып, оңай олжаға тап болмақшы болғандардың үстінен 715 қылмыстық іс қозғалған. Ең сорақысы, бұл өткен жылдың барлық көрсеткіштерімен салыстырғанда 2,5 есеге көп. Олқылықтың алдын алу үшін мамандар жалған кәсіпорындарды анықтап, жедел бақылауды орнатуға мүмкіндік беретін ақпарат алмасу алгоритмін жасамақ. Қазір мүдделі мемлекеттік органдар арасында талқылау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар жалған кәсіпорындар және олардың қызметтеріне қатысы бар азаматтар жайлы ақпарат Ұлттық және екінші деңгейлі банктерге де берілмек [5].

Әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары
3. Қылмыстық құқық ерекше бөлім.
4. Қаржы полициясы Академиясының ғылыми еңбектері.
5. [www.24.kz](http://www.24.kz)

## AAGRÁRNÍ A AGRÁRNÍ PRÁVO

Голубничий А.А.

*Хакасский государственный университет им. Н.Ф. Катанова, Россия*

### К ВОПРОСУ О НЕКОТОРЫХ ОСОБЕННОСТЯХ НОРМИРОВАНИЯ КАЧЕСТВА АТМОСФЕРНОГО ВОЗДУХА В РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ

Современное законодательство Российской Федерации в области нормирования качества воздушной среды основывается на временных показателях воздействия. Примером того служит классификация норм предельно допустимых концентраций (ПДК) воздуха населенных мест и закрытых помещений [1] и ПДК воздуха рабочей зоны [2].

В каждой из этих классификаций выделяются показатели по времени воздействия относительно заданных условий: ПДК максимально-разовые и среднесуточные (среднесменные). Такого рода классификации основываются, прежде всего, на самом определении понятия ПДК. Согласно законодательству под понятием ПДК загрязняющего вещества в атмосферном воздухе населенных мест понимается концентрация, не оказывающая в течение всей жизни прямого или косвенного неблагоприятного действия на настоящее или будущее поколение, не снижающая работоспособности человека, не ухудшающая его самочувствия и санитарно-бытовых условий жизни [3]. Таким образом действие того или иного вещества напрямую зависит от двух параметров: времени воздействия и концентрации.

Общее количество веществ перечисленных в гигиеническом нормативе [3] относительно загрязняющих веществ в атмосферном воздухе населенных мест составляет 611 наименований с установленными максимально-разовыми и (или) среднесуточными значениями ПДК и 45 наименований веществ, выброс которых в атмосферный воздух запрещен согласно законодательству.

В отношении гигиенического норматива загрязняющих веществ воздуха рабочей зоны [4], наблюдается несколько другая ситуация. Так в данном нормативе устанавливается 2473 наименований. Столь значительная разница в количестве веществ с определенным значением ПДК диктуется особыми производственными условиями труда. В связи с тем, что потенциально человек в производственных условиях контактирует с большим количеством загрязнителей, по отношению с бытовыми условиями, то важным является определение этих параметров через соответствующие ПДК.

Для веществ отсутствующих в данном перечне предполагается разработка ориентировочных безопасных уровней воздействия (ОБУВ) загрязняющих ве-

Казахстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы 2011 жылдың 28 қаңтарында қабылданған, алғашқы ресми жарияланғаннан кейін алты айдан соң қолданысқа енгізілген.

Медиация сөзі «mediate», латын тілінен аударғанда, делдалдық ету, яғни тараптарды өзара келістіру тәсілі немесе мәмілегер, бітімгер деп түсіну абзал.

Медиация – үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын тараптың, яғни медиатордың қатысуымен дау-жанжалдарды шешудің баламалы әдісі. Ол екі жақтың еріктілік, құпиялық, тең құқылығын сақтай отырып, тараптардың өзара тиімді бітімге келуіне жол ашады. Аталмыш Заң жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын дауларды шешуге қолданылады.

Медиация тараптары медиаторды, медиация рәсімін, ондағы өз ұстанымын, оны талап ету тәсілдері мен құралдарын таңдау кезінде, ақпарат алу кезінде, дау-шарды реттеу туралы келісім шарттарының қолайлылығын бағалауда тең құқықтарды пайдаланады және өздеріне тең міндеттер жүктейді.

Медиаторлар екіге бөлінеді. Олардың бірі медиация мәселесі бойынша арнайы білім алып, тәжірибе жинақтаған кәсіби медиаторлар. Ал екіншісі – кәсіби емес медиаторлар. Заңда атап көрсетілгендей, медиаторлықты таңдаған адам өз қызметін кәсіби де, кәсіби емес те негізде жүзеге асырады. Жоғары білімі бар, жасы 25-ке толған, ҚР Медиаторлар одағынан арнайы оқудан өткен кез келген тұлға кәсіби медиатор бола алады. Ал кәсіби емес медиаторлықпен 40 жасқа толған, халық арасында беделді, адамгершілігі жоғары, ары кіршіксіз адамдардың айналысуына толық мүмкіндік бар. Олар тұрғындар жиынының ресми хаттамасы арқылы жергілікті атқару органдарына тіркелуі тиісті және де заңгер мамандығы болуы міндетті емес. Медиаторлар өз қызметтерін тек қана жеке құқықтық қатынастар бойынша жүргізеді. Мемлекеттік қызметкерлерге, сотты болып, ақталмағандардың бұл қызмет түрімен айналысуларына рұқсат етілмейді.

Ең бастысы, медиатордың бейтараптығы процедураға араласуға жол бермеушілік принциптерімен ерекшеленеді. Бір-біріне талап қоюшы тараптар сотқа дейін де, сот барысында да медиаторға жүгіну арқылы өзара тиімді мәмілеге келе алады.

Түйіндей келсек, мәмілегерлікпен бітім жасап дау-шарларды шешу тәжірибесі қазақ даласындағы билер сотында ықылым заманнан көрініс тапқан. Сондықтан да, жұртшылық, қоғам арасында туындаған дау-дамайларды баламалы жолмен, қосымша әдістер бойынша шешу жүйесі Қазақстан үшін соншалықты жаңалық емес. Өркениетті елдердің ең танымал тәсілін қазақтың данагөй билері ұлы далада кеңінен атқарғаны тарихтан мәлім. Оның ішінде ауыл-аймақта, өңірлерде елге сыйлы үлкендер, абыз-ақсақалдар, ерекше құрметті қариялардың өздері-ақ мәмілегерлік жұмысын атқарып келгені де баршамызға таңсық жәйт емес. Бұл әлі күнге сарқылмай сабақтасып келе

Медиатордың қызметі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды. Жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу кезіндегі медиация сотқа жүгінгенге дейін де, сот талқылауы басталғаннан кейін де қолданылуы мүмкін.

Судьялардың және қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдар лауазымды тұлғаларының тараптарды қандай да болмасын нысанда медиацияға мәжбүрлеуге құқығы жоқ.

Соттың қарауында жатқан жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу бойынша медиация туралы шарт іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға негіз болып табылады.

Азаматтық процесс шеңберінде жүргізілген медиация тоқтатылған жағдайда тараптар іс жүргізуінде азаматтық іс жатқан сотқа тез арада:

1) дауды реттеу туралы келісімге қол қойылған жағдайда – аталған келісімді;

2) өзге жағдайларда заңда көзделген негіздерді көрсете отырып, медиацияны тоқтату туралы жазбаша хабарламаны жіберуге міндетті.

Тараптардың медиация туралы шарт жасасуы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұрмайды.

Медиацияға қатысу фактісі медиация тарапы болып табылатын сот ісін жүргізуге қатысушының кінәні мойындауының дәлелі бола алмайды.

Егер медиацияны жүргізу кезінде тараптардың бірі көмелетке толмаған болып табылса, педагогтің немесе психологтің қатысуы міндетті.

Қылмыстық сот ісін жүргізу барысындағы медиация қылмыстық процессуалдық заңында белгіленген сотқа дейінгі және сотта іс жүргізу мерзімдерінде жүзеге асырылуға тиіс.

Дау-шарды реттеу туралы келісімге қол қоюдан бас тарту медиация тарапы болып табылатын сот ісін жүргізуге қатысушының жағдайын нашарлата алмайды.

Елімізде медиация институтының келешегі өте зор. Оның Қазақстанда кең ауқымда қолданылуы ұлттық заңнаманы жетілдіруге септігін тигізетіндігіне дау жоқ. Медиация сот өндірісіне істерді жіберуді азайта отырып, дауға қатысушыларға психологиялық тұрғыда жарақат әкелу мүмкіндігін кемітеді. Сонымен қатар медиацияны қолдану арқылы бітімгершілік үрдістерін жүргізу жергілікті қауымдастықтың құқықтық санасын арттырады, өйткені медиатор қызметін медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша арнайы оқытудан өткен адамдар ғана атқарады.

Медиация даралылыққа құқықты тани отырып, адамдардың қоғамда қолайлы өмір сүруіне жағдайлар жасай отырып, бітімгершілікке келудің жаңа әдісі болып табылады. Медиация демократияның дамуына маңызды санат ретінде қоғамдағы демократиялық институттардың нығаюына әкеледі.

шеств в атмосферном воздухе населенных мест – норматива максимального допустимого содержания загрязняющего вещества в атмосферном воздухе. Данный перечень с учетом дополнений от 09.10.2013 включает 1677 наименований веществ [5], в отношении загрязняющих веществ воздуха рабочей зоны [6] соответственно 596 наименований с учетом дополнений от 15.11.2013.

Отличительной особенностью норматива ПДК воздуха населенных мест и закрытых помещений является тот факт, что данный норматив дает основу для определения влияния не только как таковых отдельных загрязнителей, но и указывает потенциальное действие групп веществ. Так в нормативе выделяется 44 группы веществ с эффектом суммации, три группы веществ с эффектом неполной суммации и 2 группы веществ с эффектом потенцирования.

Однако данный подход в своей основе не дает в полной мере объективную ситуацию относительно действия различных веществ на организм с учетом различных условий. В связи с этим в настоящее время все более распространенным является, так называемый «вероятностный подход», развиваемый Управлением по охране окружающей среды США (EPA), в основе которого учитывается возможность совместного действия вредных факторов, причем их весовые коэффициенты могут меняться, в зависимости от симбатности или аддитивности факторов.

В законодательстве [7] также предусмотрены нормы формализованной оценки класса опасности отдельно взятых веществ. Однако выделение классов при оценке опасности вещества в большей степени носит условный характер. Основой для определения класса опасности являются 7 показателей: ПДК вредных веществ в воздухе рабочей зоны; Средняя смертельная доза (ЛД50) при введении в желудок; ЛД50 при нанесении на кожу; Средняя смертельная концентрация в воздухе; Коэффициент возможности ингаляционного отравления (КВМО); Зона острого действия; Зона хронического действия.

В зависимости от значений данных параметров выделяют 4 класса опасности веществ: I – чрезвычайно опасные вещества; II – высокоопасные вещества; III – умеренно опасные вещества; IV – малоопасные вещества.

#### **Выводы:**

1. Нормирование качества атмосферного воздуха в РФ основано на временных показателях, а также условных показателях опасности.

2. Совместное действие вредных веществ в целом не учитывается, не считая отдельных групп, для которых разработаны правила суммации действия.

3. Классификация по опасности для живых организмов носит формализованный условный характер и не может в полной степени отражать вредность того или иного вещества.

#### **Литература:**

1. СанПиН 2.1.6.1032-01 Гигиенические требования к обеспечению качества атмосферного воздуха населенных мест.

2. ГОСТ 12. 1. 005-88 ССБТ. Общие санитарно-гигиенические требования к воздуху рабочей зоны.

3. ГН 2.1.6.1338-03 Предельно-допустимые концентрации (ПДК) загрязняющих веществ в атмосферном воздухе.

4. ГН 2.2.5.1313-03 Предельно допустимые концентрации (ПДК) вредных веществ в воздухе рабочей зоны

5. ГН 2.1.6.2309-07 Ориентировочные безопасные уровни воздействия (ОБУВ) загрязняющих веществ в атмосферном воздухе населенных мест.

6. ГН 2.2.5.2308-07 Ориентировочные безопасные уровни воздействия (ОБУВ) вредных веществ в воздухе рабочей зоны

7. ГОСТ 12.1.007-76 ССБТ. Вредные вещества. Классификация и общие требования безопасности

**Крюкова Елена,**

*студентка Юридического институту*

*Прикарпатського університету імені Василя Стефаника*

*Науковий керівник:*

**к.ю.н., доцент Романко С.М.**

## **ВИКОРИСТАННЯ ПРИРОДНИХ РЕСУРСІВ НА УМОВАХ ОРЕНДИ**

Правовий інститут використання природних ресурсів на умовах оренди є яскравим прикладом зіткнення приватних та публічних інтересів у цій сфері. Приватні інтереси, як правило, відображають потребу у великих обсягах використання природних ресурсів і отриманні прибутку. Публічні ж інтереси полягають у задоволенні потреб населення у таких природних ресурсах, у їх використанні, як правило, на праві загального природокористування, а також в забезпеченні їх раціонального використання.

Як зазначає Краснова М.В., досягнення балансу публічних і приватних інтересів у природокористуванні є запорукою економічного і екологічного благополуччя держави та його громадян у довгостроковій перспективі. Тому екологічним законодавством регулюються види оренди природних ресурсів, здатних забезпечити паритет приватних та публічних інтересів у цій сфері не лише нинішніх, але й майбутніх поколінь людей. Відповідно до положень чинного законодавства та практики, що склалася, актуальними в Україні залишаються: оренда земель, оренда лісових земельних ділянок, оренда водних об'єктів або їх частин, оренда мисливських угідь тощо[3, с.125]. Оренда природних ресурсів – це вид строкового спеціального природокористування, яке полягає у передачі

қолданудың алғашқы талпыныстары отбасылық қатынастар аясында туындаған дауларды реттеуге бағытталған. Кейіннен медиация кең ауқымды дауларды шешу кезінде қолданыс тапқан, жергілікті қауымдастықтардағы дауларды реттеуден басталып коммерциялық және көпшілік саласында қиын көпжақты даулармен аяқталған.

Халықаралық статистикаға сәйкес, барлық даулардың 30-40 пайызы медиация арқылы өтеді, оның ішінде даулардың 85 пайызында оң нәтиже болады. Кеңес кезеңінен кейінгі уақытта қылмыстық істерді шешу үшін медиацияны бірінші болып Молдова мен Литва қолданған. Литва бұндай тәжірибенің экономикалық тиімділігін көрсеткен, заңның әрекет етуінің бірінші жарты жылдығында Литвада жарты миллион евро үнемделген. Көршілес Ресейде медиацияға қатысты заң 2011 жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енген.

Медиацияның делдалдықтың басқа түрлерінен айырмашылығы, делдалдар жиі даудың пәні болып отырған салада сарапшылық білімге ие болады. Кейбір даудың түрлерінде делдал құқықтық ақпарат беруге міндетті. Бұл жайт тараптарға кез келген келісімді нормативті шектеулерге сәйкес жасасуға көмектеседі. Сондықтан да келістіруші үрдіс өзіне кеңесші міндетін енгізуі мүмкін. Ал медиация процедурасында медиатор кеңесші міндетін атқармайды. Оның орнына медиатор тараптарға даудың ортақ түсінігін табуға және дауды реттеу бағытында қызмет атқаруға ұмтылады. Медиация кім кінәсіз, кім кінәлі екендігіне емес, өзара тиімді шешімге бағытталып, тараптарды консенсусқа әкеледі.

Делдалдық та, медиация да дау қатысушыларының өзара тиімді шешім түріне келуге және даулы сұрақтарды анықтау үшін бағытталған. Бұл шаралардың барлығы салыстырмалы түрде жұмсақ үрдісті ұсынады, ал қабылданған шешімдер барлық тараптардың келісіміне негізделуі тиіс. Сондықтан да қатысушы тарапты нақты құқықтық дәлелмен қабылдайтын дәстүрлі сот процесінен аталмыш үрдіс мүлдем өзгеше.

